Электр ет тартқышы-1

Жабдықтау және шығару - желдету жүйесі, ыдыс-аяқ пен ас үй ыдыстарын жууға арналаған 2 секциялы жуу ваннасы бар.

2021-2022ж	2022-2023ж	2023-2024ж
Мектеп формасы, спорттық костюм, туфли, кроссовки және оқу-құралдар. Барлығы 60 оқушы = 1 330 039,18 жұмсалды.	Қаржылай түрінде көмек көрсетілген. Барлығы 83 оқушы 37 389 теңге = 3 103 287 алды.	Қаржылай түрінде көмек көрсетілген. Барлығы 86 оқушы 40 567 теңге = 3 367 061 алды.
«Мектепке жол» акциясы: Барлық 6 оқушыға көмек көрсетілді. Көрсетілген көмектің сомасы 120 000 тг құрайды. Жаңа жыл қарсаңына 4 отбасыға киім кешек және азық-түліктермен қамтамасыз етті. Көрсетілген көмектің сомасы 220 000тг құрайды.	«Мектепке жол» акциясы: Барлық 10 оқушыға көмек көрсетілді. Көрсетілген көмектің сомасы 180 000 тг құрайды. Жаз -2023 «Күншуақ» балалар демалыс орталығына 17 оқушыларға жолдама берді. Көрсетілген көмектің сомасы 187 000тг құрайды.	«Мектепке жол» акциясы: Барлық 10 оқушыға көмек көрсетілді. Көрсетілген көмектің сомасы 228 800тг құрайды.
Тегін ыстық тамақ ішкен азқамсыздандырылған отбасынан шыққан оқушылардың саны: Барлығы 49 оқушы	Тегін ыстық тамақ ішкен азқамсыздандырылған отбасынан шыққан оқушылардың саны: Барлығы 46 оқушы (5-11)	Тегін ыстық тамақ ішкен азқамсыздандырылған отбасынан шыққан оқушылардың саны: Барлығы 45 оқушы (5-11)
Мектепшілік есепте тұрған: 2 оқушы ПБ есебінде оқушылар жоқ	Мектепшілік есепте тұрған: 4 оқушы ПБ есебінде оқушылар жоқ	ПБ есебінде және мектепшілік есепте тұрған оқушылар жоқ
Қамқоршылықта тұрған оқушы саны- 5 оқушы	Қамқоршылықта тұрған оқушы саны- 3 оқушы	Қамқоршылықта тұрған оқушы саны- 1 оқушы

2023-2024 оқу жылы бойынша мектеп контингентін 1353 оқушы /1516/ құрап отыр және ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР Үкіметінің 12.03.2023 жылғы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» қаулысына, Қарағанды облысы маслихатының 10.12.2020 жылғы XXIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №588 шешіміне, ҚР Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрықтарын орындау негізінде жалпыға бірдей міндетті білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін тамақтануымен қамтамасыз етуде мектеп бойынша 1-4 сынып оқушылары яғни 604 оқушы тамақтанып отыр. Тамақтану мәселелерін мектепке бекітілген арендатор ИП Омарова Б. тағайындалды.

Қосымша. Бейнебақылау жүйесіне техникалық қызмет

<https://cloud.mail.ru/public/Jm6L/DBV9hZC3p>

Қосымша. Санитарлық-эпидемиологиялық қорытындылары

<https://cloud.mail.ru/public/fh2c/DAjyyEmh>

Қосымша. Өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті тексеру АКТ

<https://cloud.mail.ru/public/Gcmc/2nK9PNyji>


edu.kz. аймақта үшінші деңгейдегі домендік атау <https://al-farabi.bilim.edu.kz/>

6. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор

Қосымша. 12-қосымша

<https://cloud.mail.ru/public/4qHL/47nYVK74G>

Мектеп кітапханасы ақпараттық, мәдени-ағартушылық функцияларды жүзеге асыруға ықпал ететін оқу-тәрбие процесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Жақсы ұйымдастырылған және ыңғайлы орналасқан кітапхана-мектептің табысты болуының шешуші шарты. Кітапхана оқушының, мұғалімнің және кітапханашының күнделікті бірлесе жұмыс істеу үшін бас қосатын, білімге, ізденуге, өзін-өзі тәрбиелеуге деген қажеттілігін тәрбиелейтін орын ретінде жасалған. Заманауи мектепте кітапхана – білім, мәдениет пен толеранттылыққа тәрбиелеу ұштасатын, ақпарат алатын, барлық элеуметтік функцияларды орындайтын орын.



Бұл құрылым көп функциялы: кітапхана қоры, оқулықтар қоры, мерзімді басылымдар, CD-медиа, интернет. Мектептің тәрбие жоспарына сүйене отырып, ҚР «Қазақстан Республикасының білім туралы», «Кітапхана ісі туралы» Заңдарын басшылыққа ала отырып, «Мектеп кітапханасы туралы ережеде» мектеп кітапханасының алдына мынадай мақсаттар мен міндеттер қойылды.

Мектеп кітапханасының мақсаты:

- Оқушылардың жүйелі оқуын ұйымдастыру, оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын қалыптастыру, рухани және интеллектуалдық өсу, өзін-өзі тану және өзін-өзі тәрбиелеу;
- Жаңа ақпараттық технологияларды енгізу, кітапханалық –ақпараттық процестерді компьютерлендіру, ыңғайлы кітапханалық ортаны ұйымдастыру, мұғалімдер мен оқушылардың ақпараттық мәдениетін тәрбиелеу арқылы кітапхана ұсынатын қызметтерді жақсарту.

Кітапхана міндеттері:

- оқытушыларға кітапханалық-ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету арқылы оқу-тәрбие процесін және өзін-өзі тәрбиелеуді қамтамасыз ету. Білім беру жобаларындағы мұғалімдер мен оқушылардың іс-әрекетіне көмек көрсету,
- дәстүрлі технологияларды жетілдіру және жаңа кітапханалық технологияларды дамыту;
- мұғалімдерге, ата-аналарға, оқушыларға ақпарат алуда кеңес беру;

- ақпаратты жинау, жинақтау және өңдеу, оны пайдаланушыға жеткізу.

Кітапхана туралы қысқаша мәлімет

Кітапхана мектеп ғимаратының екінші қабатында орналасқан.

Кітапхана -1

Кітапханашы -2

Кітапхананың жалпы ауданы – 43м²

Оқу залы -1

Оқу залында – 6 орындық

Кітапхананың жалпы қоры -58721

Оқулықтар -19580

Көркем әдебиеттер- 39141

Электрондық оқулық -1150

Қазақ тілінде кітаптар- 42141

Бір жылдық оқырман-900

Кітапханаға келіп-кетушілер-11600

Кітап берілу саны-16800

Кітапхананы жарықтандыру санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келеді.

Кітапхана мен оқу залының жұмысын ұйымдастырылады.

Кітапхана меңгерушісі Саметова Бакшагуль Талгатовна, жалпы еңбек өтілі 3 жыл, осы мектептегі кітапханалық өтілі -3 жыл. Кітапханашы: МылгалшEROVA Алтынай Ғабдоллақызы, жалпы еңбек өтілі-15жыл, мектептегі кітапханалық өтілі-3жыл.

Кітапхананың материалдық – техникалық жабдықталуы:

- . оқырмандарға арналған үлкен үстелдер -3дана
- . орындықтар – 6 дана
- . жұмыс үстелі- 1дана
- . кітап көрмелерінің сөрелері – 4 дана
- . кітап сөрелері – 18 дана
- . формуляр жәшігі – 1 дана
- . компьютерлер – 3 дана
- . интерактивті тақта -1 дана
- . жальюз -1дана
- . ақпараттық стенд -1дана
- . принтер – 1 дана

Кітапхананың нормативтік базасы

Қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін мектепте қажетті нормативтік-құқықтық база бар:

- . Мектеп кітапханасының нормативтік құжаттары
- . Мектеп кітапханасы туралы ереже
- . Мектеп кітапханасының төлқұжаты
- . Кітапхананың жылдық жұмыс жоспары

- . Мектеп кітапханасының жылдық есебі
- . Кітапхананың жұмыс күнделігі
- . Кітапхананың жұмыс кестесі
- . Кітапхананың негізгі қорының жиынтық есебі
- . Кітапханаға түсетін әдебиеттерге ілеспе құжаттар
- . Кітапхана қорының мүлкітік кітаптары
- . Уақытша сақталатын оқулықтар қорының есеп дәптері
- . Кітапхана қорын аударуды есептен шығару актілері
- . Кітапхана қорын түгендеу және тексеру жүргізу туралы акті
- . Оқулықтардың кітапхана қорының есеп кәртiшкелерiн тiркеу журналы, есеп кәртiшкелерiнiң картотекасы
- . Сыныптар бойынша оқулықтар беру журналы немесе оқырман формуляры
- . Оқырмандардан жоғалтқан орнына алынған кітаптардың есепке алу дәптері
- . Кітапхана кеңесі мен белсенділері
- . Мерзімді басылым құжаттары
- . Кітапхана қорының қозғалысы туралы құжаттар

Кітапхана қорын қалыптастыру

Мектеп кітапханасының оқу қорын толтырудың негізгі әдісі – алдын- ала тапсырыс беру. Қарағанды ҚБ әдіскеріне ақпан айында бұйрық жібереледі, оған сәйкес мектепке жаңа оқу жылына оқулықтар тамыз айында қабылданады.

Кітапхана келіп түсетін оқу әдебиеттерін қабылдайды және өңдейді, жыл мазмұны бойынша ескірген әдістемелік және көркем әдебиеттерді есептен шығарады.

Кітапхана қорының көрсеткіштері

№	Көрсеткіштер	2021-2022	2022-2023	2023-2024	Үрдісі
1	Жалпы кітап қоры оның ішінде: - оқулықтар мен оқу-әдістемелері -көркем және басқада әдебиеттер	6417 5344 1073	5127 5127 —	5570 5505 65	Оқулықтармен толықты
2	Бір жылда барлық түскені оның ішінде: оқулықтар мен оқу әдістемелері, оқушы дәптерлері көркем және басқа да әдебиеттер	2856 2488 1073	3408 1719 —	2733 2772 65	1138 дана көркем әдебиетпен толықты

3	Есептен шыққаны: -оқулықтар мен оқу-әдістемелері, оқушы дәптерлері - көркем және басқада әдебиеттер	- жоқ	- жоқ	- жоқ	Есептен шығару болған жоқ.
---	--	--------------------------	--------------------------	--------------------------	----------------------------------

Қорытынды: мектеп кітапханасының негізгі мәселелерінің бірі- тозығы жеткен көркем, әдістемелік және басқада әдебиеттер қорын кейінгі үш жылда есептен шығару.

Оқулықтармен қамтамасыз ету

Оқу жылы	Оқушы саны	Оқулық саны	% Қамтамасыз етілгені	% Қажет
2021-2022	1456	16736	100%	Қала мектеп кітапханаларымен алмасып аламыз.
2022-2023	1520	24944	100%	
2023-2024	1512	25710	100%	

Қорытынды: оқушылар оқулықтармен толық қамтамасыз етілді. Қала мектеп кітапханаларынан жеткіліксіз оқулықтарды өзара акті арқылы жыл соңына дейін уақытша пайдалануға алмасып аламыз.

Кітапхана көрсеткіштері

Оқу жылдары	Оқырман саны	Келушілер саны	Кітап берілімі	Қор айналымы	Келуі	Оқылымы
2021-2022	500	10279	13770	0,6	20,5	27,5
2022-2023	900	11600	16800	0,4	12,8	18,6
2023-2024	350	11250	16800	0,4	32,1	48

Оқырмандармен жұмыс – кітапхана жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Кітапхана қызметі «Кітапхана туралы ережеге», «Кітапхананы пайдалану ережелеріне» сәйкес жүзеге асырылады. Оқырмандар көркем, ғылыми, оқу-әдістемелік, анықтамалық және басқада әдебиеттерді уақытша пайдалану үшін алады, библиографиялық және анықтамалық- ақпараттық қызметтерді пайдаланады, қоғамдық іс-шаралар. Оқырмандар арасында кітапхананы өз бетінше қолданушы дағдыларын дамыту, мектеп оқушыларын жүйелі оқуға, танымдық

қызығушылыққа, оқу бағдарламаларын меңгеруге тәрбиелеу шаралары жүргізілуде.

Жеке қызмет көрсетудің негізгі нысандары:

Кітапханаға жазу кезіндегі әңгімелер,

Басқа мектепке ауысқанда, мектепті бітіргенде әңгіме,

Оқырмандардың формаларын талдау

Кітапхана жұмысында оқушыларды кітапқа баулу, кітап оқуға деген қызығушылығын ояту үшін түрлі формалар мен әдістер қолданылды.

Топтық және бұқаралық қызметтің негізгі нысандары:

Кітап көрмелері

Жаңа әдебиеттерге ашық көзқарас

Оқу сайыстары

Кітапқа шолулар

Кітапханаға экскурсиялар

Викториналар

Жалпы мектепішілік іс-шараларға және пәндер бойынша онкүндіктерге қатысу

Конференция, семинарлар, мұғалімдер кеңестеріне қатысу

2021-2022 оқу жылы	Тұрақты көрме	Кітап көрмелер	Көпшілік шаралар	«Оқуға құштар мектеп»
	Атаулы күндер	«Конституция- кемел келешектің кепілі»	«Кітапханаға алғашқы қадам»	«Кел балалар оқылық!»
	«Тәуелсіздіктің 30жылдығына - 30кітап»	«Тіл- ұлттың жаны, халық рухы»	«Жақсы кітап- жан азығы»	«Бәріміз оқимыз»
	«Шығыстың ұлы ұстазы – Әбу әл- Фараби»	«Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік»	«Туған жер алтын бесігім – Балқашым»	«Махаббат қызық мол жылдар» Әзілхан Нұршайықов дөңгелек үстел
	«Жаңа Қазақстан- жарқын болашақ»	«Бір ел-бір кітап» Ахмет Байтұрсынов 150жыл	«Бір кітап-бір отбасы»	«Отбасылық оқу» қалалық байқау
	«Жақсы кітап сізге, асығыңыз бізге!»	«Тіршіліктің тірегі –Ана»	«Достық – біздің тірегіміз!»	«Кітап оқып жарысайық!» оқырмандар сайысы
		«Армысың, әз Наурыз!»	«Отан отбасынан басталады»	«Құстар мен жануарлар патшалығы» экологиялық КВН

2022-2023 оқу жылы	«Оқуға құштар мектеп»	«Ата заң алтын тұғырым»	«Ана тілім-ардағымсың, киелім!»	«Кел балалар оқылық!» оқу сағаты
	«Атаулы күндер күнтізбесі»	«Қарты бар үйдің қазынасы»	«Ғарыш айлағы» сурет байқау	«Оқуға құштар-отбасы» видеоролик
	«Балқашым-байлығым»	«Қарағанды» романы Ғабиден Мұстафин	«Көксерек» Мұхтар Әуезов	«Мен оқыған кітап»
	«Бір ел-бір кітап» Төлен Әбдік	«Тәуелсіздік жетістіктері»	«Теңге Тәуелсіздік келбеті»	«Қарғын» «Өпке» Дулат Исабеков
		«Әдептілік-әдемілік» Ермек Өтетілеуұлы 85жыл	«Кітап еліне саяхат»	«Оқы, ізден, талаптан»
		«Ерлік жолы» Ауған соғысы	«Мұқағали мәңгілік ғұмыр» мәнерлеу сайысы	«Кітап-сарқылмас қазына» қалалық кітапханаларға саяхат
		«Ана өмір шырағы»	Шерхан Мұртаза 90жыл «Қызыл жебе» романы	«Каникулда кітап оқимыз!»
		«Наурыз-жыл басы»	«Ұлы даланың өркениеті» дебат ойыны	Республикалық балалар оқулар сайысы
2023-2024 оқу жылы	«Оқуға құштар мектеп»	«Ата заң алтын тұғырым»	«Тілдер әлемінде»	«Бәріміз оқимыз»
	«Жылдар жылнамасы»	«Тіл –ел байлығы»	«Бауырсақ» ертегісіне көрініс	«Бір сынып-бір кітап»
	«Бір ел –бір кітап» Бердібек Соқпақбаев 100жыл	«Халқы сүйген Қаламгер»	«Жыр алыбы Жамбыл»	«Ең белсенді сынып»
	«Басылым жаршысы»	«Мақтан тұтар ұлы тұлға» Дінмұхаммед Қонаев	Мұқағали Мақатаев «Жырлайды жүрек» мәнерлеп оқу	«Кітапты махаббатпен сыйлаңыз!»
	«Кітап сарқылмас қазына»	«Рәміздерім мақтанышым»	«Менің сүйікті шығармалар дөңгелек үстел	«Мен және менің отбасым»

		«Наурыз- Ұлыстың ұлы күні»	«Құлагер» шығармасы Ілияс Жансүгіров 130жыл	«Мен оқыған бір кітап» квест ойыны
		«Әке жолы- ізгі жол»	«Жаңылтпаш айтқан жалықпас»	«Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» танымдық сағат

Өзін-өзі тәрбиелеу

Мектеп кітапханашы өз жұмысында кәсіби басылымдардағы «Мектептегі кітапханашы», «Мектептегі кітапхана», «Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар», «Дәстүр», «Жас ғалым», «Білім беру мекемесі басшысының анықтамалығы» өз әріптестерінің іс-шараларына қатысу және талдау, қалалық семинарларға қатысу арқылы біліктілігін арттырады.

Қорды сақтау бойынша жұмыс

Ерекше құнды басылымдар (сөздіктер, анықтамалықтар, энциклопедиялар) бөлек сөреде сақталады. Жылына бір рет кітапхана қоры, жарты жылда бір рет оқырман формулярлары тексеріліп, борышкерлерге кітаптардың кітапханаға уақтылы қайтарылуы мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Кітапхана кітаптары жоғалған, бүлінген жағдайда оқырмандар келтірілген залалды балама әдебиетпен өтейді.

Оқулықтарды сақтау жұмыстарын жүргізу

Оқулықтар қоры кітап қоймасында орналасқан. Оқулықтарды орналастыру сыныптар бойынша жүргізіледі. Жаңа оқулықтар түсуіне қарай оқулықтардың кітапхана қорының тіркеу карточкаларын тіркеу журналына тіркеледі. Оқулықтарды алғаннан кейін оқушылармен оқулықтың қауіпсіздігі бойынша әңгімелесу жүргізіледі. Қолдану кезеңінде оқулықты зақымданудан және кірден қорғайтын берік мұқаба болуы керек екенін еске саламыз. Оқулықтарды мұқаба мен соңғы қағазды зақымдамау үшін ламинатталған пленкамен жабуға тыйым салынады. Оқулыққа қарындашпен немесе қаламмен шимайлауға, жазуға тыйым салынады.

Тоқсанына бір рет кітапхана қорларымен бірге «Оқулықтарды таза ұстаймыз» оқулықтарды тексеру бойынша рейд жүргізіледі. Рейд қорытындысы мектеп әкімшілігінде айтылып, әр оқушының күнделіктерінде көрсетіледі. Қаржыландыру мерзімі аяқталғаннан кейін оқулықтар 5 жылда бір рет есептен шығарылады.

Кітапхана активімен жұмыс

Кітапхананың жылдық жұмыс жоспарын мектеп басшысы бекітеді. Бекітілген жұмыс жоспары негізінде кітапханада іс-шаралар жүйелі өткізіліп тұрады. Кітапхана активінің мүшелері кітапханашымен бірге келесі жұмыстарды орындайды:

- Кітапхана өткізетін іс-шараларды дайындауға және өткізуге қатысу;
- Техникалық жұмыстарға көмектесу
- Абонементте және оқу залында оқушыларға қызмет көрсетуге қатысу
- Кітаптарды жөндеу
- Кітапты насихаттау бойынша аптасына үш рет 20 минуттық «Бірге кітап оқимыз!» шарасында белсенді жұмыс жүргізу

Кітапхана – ақпарат орталығы

Қазіргі серпінді дамып келе жатқан қоғамда мектеп кітапханалары заман ағымына ілесу керек. Ақпараттандыру және компьютерлендіру жаңа үрдісін (тенденция) әкелді және тың шығармашылық идеялар мен кітапханалық жұмыстарды жандандыру мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ашық кітап көрмелері, стенд, сөрелерге QR кодтары бар ертегілер мен көркем әдебиеттер қойылды. Қазіргі таңда QR кодтары барған сайын танымал бола бастады, бұл қазіргі өмірдің көптеген салаларында ақпаратқа қол жеткізудің ыңғайлы тәсілі. Осы орайда «Оқуға құштар мектеп» жобасының негізінде QR код арқылы стенд, оқу сағаттары, электронды көркем әдебиеттер жасалынып, оқырмандар кеңінен пайдалануға қол жетімді.

Оқулықтар сыныптар бойынша сөрелерде (1,2,3,4,5,6 сыныптар т.б) ретімен орналысып қойылады. Кітапхананың алғашқы оқырмандары үшін жыл сайынғы «Кітапханамен таныстыру» экскурсиясы өткізіледі. Бұл күні әртүрлі пішіндегі, көлемдегі және жанрдағы ашық түсті иллюстрацияланған кітаптар ұсынылатын көрме ұйымдастырылады.

«Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасының мақсаты: оқушыларды жүйелі кітап оқуға, тіл мәдениетін жақсартуға, сөздік қорын көбейтуге, жас ұрпақ бойында рухани адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру.

Әр аптаның дүйсенбі, бейсенбі күндері «Кел, балалар, оқылық!» әрбір сыныптарға жаппай 20 минуттық кітап оқу сағаты өткізіліп келеді. Оқушылар оқыған шығармаларын оқырман дәптерлеріне жаза отырып, әртүрлі әдістермен талқыланады. «Бір кітап-бір отбасы», «Бір ел-бір кітап» және «Буккроссинг», «Атаулы күндер» сияқты іс-шаралар кітапханада мұғалімдермен бірге жүргізіліп отырады.

Кітапхана оқырмандармен жеке жұмыс жасауға үлкен көңіл бөледі, оқушыларға кітап таңдауда кеңес береді, әдебиеттерді таңдайды, жобалау және зерттеу жұмыстарына көмектеседі, кітапханада пайдаланушыларының мүдделерін барынша ескеруге тырысады.

7. Білім алушылардың білімін бағалау.
7.1. Оқушылардың 3 жылдағы үлгерімі мен білім сапасы

Үлгерім - 100 %

Оқу жылы	Сыныптар			Жалпы білім сапасы
	1-4	5-9	10-11	
2021-2022	58,14%	45,85%	69,57%	52,24%
2022-2023	55,56%	47,8%	69,62%	52,15%
2023-2024 (3-тоқсан)	57,27%	45,6%	54,26%	50,6%

Соңғы 3 жылдағы білім сапасының мониторингі орта есеппен 52% құрайды.

1-4 сыныптардағы пәндер бойынша білім сапасы

№	Пәндер	Оқу жылдары		
		2021-2022	2022-2023	2023-2024(3 тоқсан)
1	Қазақ тілі	62,59%	61,74%	67,21%
2	Орыс тілі	76,92%	76,06%	76,91%
3	Әдебиеттік оқу	70,07%	68,78%	72,52%
4	Математика	64,03%	68,78%	62,21%
5	Дүниетану	77,15%	72,3%	қорытылмайды
6	Жаратылыстану	72,17%	69,95%	70,4%
7	Шет тілі	72,4%	64,32%	63,18%

3 жыл ішінде 1-4 сыныптардағы пәндер бойынша білім сапасының нәтижелерін талдау 1% төмендегенін көрсетеді.

5-11 сыныптардағы пәндер бойынша білім сапасы

№	Пәндер	Оқу жылдары		
		2021-2022	2022-2023	2023-2024 (3 тоқсан)
1	Қазақ тілі	68%	70%	66,4%
2	Қазақ әдебиеті	72%	71%	69,4%
3	Орыс тілі мен әдебиеті	79%	84%	77%
4	Математика	62%	62%	57,5%
5	Алгебра	51%	55%	54,1%
6	Геометрия	56%	57%	57,2%
7	Физика	67%	74%	66,5%
8	Жаратылыстану	74%	80%	73,2%
9	Биология	72%	68%	62,1%
10	География	75%	79%	75,2%
11	Химия	62%	64%	64,4%
12	Дүниежүзі тарихы	78%	76%	қорытылмайды
13	Қазақстан тарихы	84%	83%	74,1%

14	Адам. Қоғам. Құқық	85%	82%	қорытылмайды
15	Информатика	70%	73%	79,1%
16	Алгебра және анализ бастамалары	77%	76%	66%
17	Шет тілі	70%	71%	73%

5-11 сыныптарда білім сапасының 4% төмендеуі байқалады.

Талдау нәтижесінде мектепте 3 жыл ішінде білім сапасы 5-11 сыныптарда қазақ тілі пәнінен 2%-ға, математикадан 4,5%-ға, жаратылыстану 7%-ға, географиядан 3,8%, Қазақстан тарихы пәнінен білім сапасының 9% төмендеуі байқалады.

Мектептің білім сапасының төмендеуіне мыналар әсер етті:
Оқушылардың физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері;
Сыныптарда ЕББҚЕ оқушылардың үлесінің болуы;
Оқушылар контингентінің көптігі;

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау

Емтихандарды тапсыру, білім алушыларды ауыстыру және бітірушілерді тапсыру кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқу үлгерімінің ағымдағы мониторингін, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидалары басшылыққа алынды.

Жыл сайын бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес 9 және 11 сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауын дайындау, ұйымдастыру және өткізу жұмыстары жүргізілді. Оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар қоғамдастығы арасында қорытынды аттестаттау мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары барысында негізгі орта және жалпы орта білім беру курстары бойынша білім алушыларды қорытынды аттестаттау жүргізудің Үлгілік қағидаларын зерделеу бойынша тапсырмалар берілді. Қорытынды аттестацияға дайындық барысында психологиялық қолдау көрсету аясында мектеп психологы, сынып жетекшілерімен психологиялық тренингтер, әңгімелер мен консультациялар өткізілді.

Педагогикалық кеңестерде 9,11 сыныптарда қорытынды аттестаттауды дайындау және өткізу сұрақтары қарастырылды.

Қосымша. Қорытынды емтихан хаттамалары
<https://cloud.mail.ru/public/vCqm/FyNphshSL>

Қорытынды емтиханнан босатылған оқушылар

Жыл	Сынып	Оқушы саны	Оқушының аты-жөні	Босатылу себебі
2022ж	9 Б	1	Манатбек Иса Еркебуланұлы	ДҚҚ анықтамасы №514. 28.04.2022. ТБГМ, посттравматические кистозно-глиозные изменения теменной доли

				слева (состояние после удаления гематомы, декомпрессии и пластики черепа 28.11.17г,08.01.18г,26.02.18г). Цереброастенический синдром.
--	--	--	--	--

2021-2022 оқу жылы 9 сыныптар

Пәндер	Жалпы оқушы саны	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерім %
Қазақ тілі	120	120	46	58	16	86,6%	100%
Алгебра	120	120	11	71	38	68,3%	100%
Орыс тілі	120	120	39	69	12	90%	100%
Қазақстан тарихы	120	22	7	14	1	95,4%	100%
физика	120	6	2	3	1	83%	100%
Биология	120	4	1	3	0	100%	100%
география	120	77	14	54	9	88%	100%
Информатика	120	4	0	4	0	100%	100%
Ағылшын тілі	120	7	2	4	1	85%	100%

Негізгі орта білім беру бойынша қорытынды аттестаттаудан 9 сыныптың 120 оқушысы бітіру емтиханына қатысты (1 оқушы ДҚҚ анықтамасы бойынша қорытынды аттестациядан босатылды) және негізгі орта білім туралы аттестатты 121 оқушы алды. Негізгі орта білім беру бойынша үздік аттестатқа үміткер болған жоқ.

11 сыныптар

Пәндер	Жалпы оқушы саны	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерім %
Қазақ тілі	56	56	15	37	4	92%	100%
Алгебра және анализ бастамалары	56	56	9	36	11	80,3%	100%
Орыс тілі мен әдебиеті	56	56	24	32	0	100%	100%
Қазақстан тарихы	56	56	16	39	1	98%	100%
Қазақ әдебиеті	56	2	2	0	0	100%	100%
физика	56	32	29	1	0	100%	100%
Биология	56	6	2	4	0	100%	100%
География	56	8	1	7	0	100%	100%

Дүниежүзі тарихы	56	2	1	1	0	100%	100%
Адам. Қоғам.Құқық	56	3	2	1	0	100%	100%
Ағылшын тілі	56	3	3	0	0	100%	100%

Жалпы орта білім туралы қорытынды аттесттаудан 11 сыныптың 56 оқушысы бітіру емтиханына қатысты және жалпы орта білім туралы аттестаттар алды. Жалпы орта білім беру бойынша үздік аттестатқа үміткер 4 оқушы (Саттыбай Арайлым, Райымова Аружан, Жанатова Айзат, Тұрсынбек Аяужан) алтын белгіге үміткер 2 оқушы (Қаранайқызы Қарақат, Балағанов Ерасыл) қорытынды аттестаттаудан өту кезінде өз білімдерін растады.

2022-2023 оқу жылы

9 сыныптар

Пәндер	Жалпы оқушы саны	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерім %
Қазақ тілі	123	123	21	74	28	77,2%	100%
Математика (алгебра)	123	123	11	63	49	60%	100%
Орыс тілі	123	123	36	62	25	80%	100%
Қазақстан тарихы	123	18	3	14	1	94%	100%
Қазақ әдебиеті	123	4	1	3	0	100%	100%
Геометрия	123	2	2	0	0	100%	100%
Физика	123	14	1	8	5	64%	100%
Биология	123	25	6	13	6	76%	100%
География	123	53	4	32	17	67%	100%
Ағылшын тілі	123	7	6	1	0	100%	100%

Негізгі орта білім беру бойынша қорытынды аттестаттаудан 9 сыныптың 123 оқушысы бітіру емтиханына қатысып, негізгі орта білім туралы аттестат алды. 7 пән бойынша таңдау пәндерінен емтихан тапсырды. Негізгі орта білім туралы үздік аттестатқа үміткер 3 оқушы (Женисова Аружан, Құсман Ақгүл, Бергенбаева Динара) қорытынды аттестациядан өту кезінде білімдерін растады

2022-2023 оқу жылы

11 сыныптар

Пәндер	Жалпы оқушы саны	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерім %
Қазақ тілі	36	36	17	19	0	100%	100%

Алгебра және анализ бастамалары	36	36	7	28	1	97,2%	100%
Орыс тілі мен әдебиеті	36	36	22	14	0	100%	100%
Қазақстан тарихы	36	36	13	18	5	86%	100%
физика	36	7	1	6	0	100%	100%
Биология	36	6	4	2	0	100%	100%
география	36	8	4	4	0	100%	100%
Адам.Қоғам.Құқық	36	6	2	2	2	86%	100%
Информатика	36	4	2	2	0	100%	100%
Шет тілі (ағылшын)	36	5	3	2	0	100%	100%

Жалпы орта білім туралы қорытынды аттесттаудан 11 сыныптың 36 оқушысы бітіру емтиханына қатысты және жалпы орта білім туралы аттестаттар алды. Жалпы орта білім беру бойынша үздік аттестатқа үміткер 2 оқушы (Иманғазы Айбек, Каукербек Олжас) алтын белгіге үміткер 2 оқушы (Бексултанова Жібек, Фархатов Айбол) қорытынды аттестаттаудан өту кезінде өз білімдерін растады.

7.2.Білім алушылардың білімін бағалу өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және жиынтық бағалау талаптарын сақтау

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың білімін оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау бағыты бойынша атқарылатын жұмыстар жүйелі жүргізіледі. Бағаланатын кезеңде оқу бағдарламалары бойынша сыныптарда жиынтық бағалауды өткізу кестелері, оқу бағдарламасына сәйкес күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау, электрондық сынып журналдарда оқу пәндерінің оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдер/тақырыптар, тоқсан үшін жиынтық бағалаудың баллдары қойылған. Оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын бақылау нысандары мен жаңартылған оқу бағдарламалары бойынша оқыту жүргізілетін сыныптарда білім алушылардың оқу жетістіктерін білім берудің тиісті мақсаттарымен және мазмұнымен салыстыру арқылы әр тақырыптық бөлім бойынша бағалаулар жүргізілген және оқушылардың тоқсандық және жылдық

қорытындылары шығарылған. Бір сыныпта 3 пәннен артық БЖБ, ТЖБ жұмыстарын жүргізбеуге байланысты кестелер әр **жартыжылдық** бойынша реттеліп, «Bilimal» электронды журналымен сәйкестендіріліп, бекітіліп отырады. Көрсетілген оқу жылдарында кейбір мұғалімдердің жұмыстан шығуына байланысты «Bilimal» электронды журналда пән және БЖБ, ТЖБ күндері көрсетілмей тұрғанын ескертеміз.

*Қосымша. Бөлім бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық жиынтық бағалау кестесі
(2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 о.ж.)*

<https://cloud.mail.ru/public/h6gc/gMrbmX6PG>

7.3. 4,9-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау бойынша тестілеу қорытындысы

2024 жылдың 14 ақпан «әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің 4,9-сынып оқушылары компьютерлік тестілеуден өтті. Тестілеу алдында жоспарлы түрде ата-аналар мен оқушыларға түсіндірме, дайындық жұмыстары жүйелі жүргізілді. Қарағанды облысы білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің ұсынылған алгоритмі бойынша өткізілді. Мектеп бойынша 4,9-сыныптардың саны-268 оқушы, оның 251-і тестілеуге қатысты.

Қарағанды облысы білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің бақылаушысы тестілеу барысын қадағалады. Тестілеу 2 ауысымда, 3 ағымда жүргізілді. I ауысым – 9 сыныптар, II ауысым – 4 сыныптар. I ауысым I ағым-45, II ағым-47, III ағым-31 оқушы тапсырды. Бұл 127 оқушының 97%-ын құрайды.

2 ауысым I ағым-37, II ағым-44, III ағым-44 оқушы тапсырды. Бұл 141 оқушының 91%-ын құрайды.

Қатысушылардың жоспарланған саны (268 адам), оның ішінде оқушылар:

4 сынып – 128 (91%),

9 сынып – 127 (97%).

Тестілеуге денсаулық жағдайларына байланысты 17 оқушы анықтамалар негізінде қатысқан жоқ.

4,9 сынып бітірушілерінің тестілеу нәтижелерін бағалау

№	Сынып	Журнал бойынша оқушылар саны	Қатысқан оқушылардың нақты саны	"5" баға алған саны	"4" баға алған саны	"3" баға алған саны	"2" баға алған саны	Орташа балл	Оң бағалар %
1	4 «А»	24	20	1	7	11	1	53,2	95%
2	4 «Ә»	20	16	0	3	8	5	47	69%
3	4 «Б»	24	24	1	4	14	5	51	79%
4	4 «В»	24	21	0	4	9	8	46	62%
5	4 «Г»	25	24	2	5	14	3	57	87,5%
6	4 «Ғ»	24	23	0	0	9	14	37,2	39%

9 сынып бітірушілерінің тестілеу нәтижелерін бағалау

№	Сынып	Журнал бойынша оқушылар саны	Қатысқан оқушылардың нақты саны	"5" баға алған саны	"4" баға алған саны	"3" баға алған саны	"2" баға алған саны	Орташа балл	Оң бағалар %
1	9 «А»	22	22	2	2	13	5	51	77%
2	9 «Б»	24	23	0	1	17	5	46	78,2
3	9 «В»	21	20	0	0	12	8	41,5	60%
4	9«Г»	23	23	0	1	9	13	25	43%
5	9 «Д»	16	15	0	3	10	2	51	87%
6	9 «Е»	21	20	0	6	11	3	53	85%

Мектептегі орташа балл – 93

4 сынып бітірушілерінің оң бағалар саны – 92

Оң бағалардың үлесі - 72% құрайды.

Тест көрсеткіші бойынша 4«Ғ» сыныбы басқаларға қарағанда төмен нәтиже көрсетті.

9 сынып бітірушілерінің оң бағалар саны – 87

Оң бағалардың үлесі - 71% құрайды.

Тест көрсеткіші бойынша 9«Г» сыныбы басқаларға қарағанда төмен нәтиже көрсетті.

Қосымша. 4,9-сынып білім алушыларының оқыту нәтижелерін бағалау, 13-қосымша

<https://cloud.mail.ru/public/VB9e/3yMfCy6Az>

8. Білім алушылардың, педагогтердің, ата-аналардың (занды өкілдерінің) сауалнама нәтижелерін талдау

Бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында – педагогтер, 4,9-сыныптардың білім алушыларына және олардың ата-аналарына (занды өкілдеріне) арналған онлайн сауалнама жүргізілді.

Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау
Қатысқаны – 257

Сауалнама қорытындысы бойынша ата-аналардың 97% мектепке деген көзқарасы жақсы қалыптасқан. Олардың көзқарасы бойынша сауалнамаға қатысқандардың ішінде 244 оқушы мектепке қуана барса, сыныпта қолайлы атмосфера бар - 246, мектепте сапалы білім береді - 250. Оқу пәндері менің балама оңай беріледі – 217. Мұғалімдер біздің баланың оқудағы жетістіктерін әділ бағалайды - 230 ата-ан оң бағаларын берген. Біздің баламыз оқу сабақтары мен үй тапсырмаларына шамадан тыс жүктелмейді-234. Мектепте қолданылатын оқудың жаңа тәсілдері біздің баламыздың қабілеттерінің көрінісі мен дамуына жағдай жасайды-232. Мен баланың оқу жетістіктері мен мінез-құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанамын-247. Мен мектептегі сабақтан тыс бағдарламасына ризамын-223. Мен баламның сынып жетекшісінің жұмысына қанағаттанамын-251. Мектепте біздің баламыз үшін пайдалы және қызықты іс-шаралар өткізіледі-231. Мен мектеп асханасы/буфет жұмыстарымен қанағаттанамын-194. Педагогтар педагогикалық этика нормаларын сақтайды-248. Менің балам мектепте қауіпсіз-250. Мектепте олар біздің баламыздың денсаулығына қамқорлық жасайды-241. Мен мектеп әкімшілігінің жұмысына қанағаттанамын-248. Мектеп өміріне қатысуға ниет бар-230. Демек, ата-аналардың сыныпта қолайлы атмосфера бар және оқушы мектепке қуана барады деген оң көзқарастары қалыптасқан.

Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау
Қатысқаны- 51

Сауалнамаға қатысқан педагогтердің 100% осы мектепте жұмыс істегенін мақтан тұтып, мектеп әкімшілігінің жұмыс стиліне қанағаттанып, әріптестер әрқашан бір-біріне көмек көрсете білетіндігін және мектептегі тамақтану сапасына қанағаттанатындығын, мектепте педагогтің кәсіби және шығармашылық өсуі үшін жағдай жасалғандығы туралы оң пікірлер жазған.

Білім алушылардың сауалнама нәтижелерін талдау

Сауалнамаға 257 білім алушы қатысты. Нәтижесі бойынша өз мектебінде оқуға қызығатын – 243 оқушы, сүйікті пәні бар – 244 оқушы, сүйікті мұғалімдері бар – 249 оқушы. Мектеп мұғалімдеріне қиын жағдайда кеңес пен көмек сұрауға болады деген сауалға 238 оқушы келісетіндіктерін білдірсе, сабақта әрқашан өз пікірін еркін айта алатын-209 оқушы. Сабақта мұғалім мінез-құлықты емес, білімін

бағалайды деп жауап берген -217 оқушы. Мектепте жиі шаршайтын-121 оқушы. Дербес және жиынтық жұмыстарының саны бір күнде екіден көп деп жауап берген -156 оқушы. Мектепте өзін қауіпсіз сезінетін, психологиялық тұрғыдан ыңғайлы-225 оқушы. Тамақтану сапасына қанағаттанатын-189 оқушы. Өз құқығын білетін 239 оқушы. Үйірмелерге, секцияларға, ансамбльдерге баратын-160 оқушы. Мектеп істеріне қатысуға деген ұмтылыс пен қажеттілік бар деген 204 оқушы. Ал мектепте сол үшін пайдалы және маңызды нәрсе жасалған кезде жетістіктері байқалады -211 оқушы. Өз мектебін жақсы көретін және онда оқығанын мақтан тұтатын оқушылардың саны 95% құрады. Демек, білім алушылардың да мектепке, пән мұғалімдеріне деген дұрыс көзқарастары қалыптасқан.

Сауалнама қорытындысы бойынша 96%-дан 100%-ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған деп бағаланып, «5» баллмен бағаланды.

Қосымша. Сауалнама нәтижелері
<https://cloud.mail.ru/public/hLsZ/UqDFsj6mH>

9. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

МЫҚТЫ ЖАҚТАРЫ	ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫ
Мұғалімдердің 50% -ы шығармашылық потенциалы жоғары; Мұғалімдердің білімін жетілдіру бағыты айқындалған; Қоғамдық –элеуметтік серіктестіктің болуы; Тәрбие жұмысының бағыттары адами құндылықтарға негізделген: «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кел, балалар, оқылық» оқу сағатында тұрақты оқуы және іс-шараларға белсенді қатысуы.	Мектептегі тәрбие бағытын дамытуға арналған жобалар бойынша оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесін жолға қою. Авторлық бағдарлама даярлау жұмыстарының болмауы: Ғылыми жоба жазу көрсеткіштерінің аздығы: Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиадаларға оқушылардың аз қатысуы;
МҮМКІНДІКТЕР	ҚАУІП-ҚАТЕР
Көшбасшылық, дарындылық, зияткерлік қабілеттері бар оқушылар санын арттыру: Біліктілікті арттыру курстарынан кейінгі бірлескен іс-шаралар; Жетекші және серіктес мектептердің мұғалімдерінің түрлі әдістемелік алаңдарға, вебинарлар мен семинарларда тәжірибе алмасуы; Оқушылардың мүмкіндіктері мен қабілеттерін дұрыс анықтау; Оқушыларға ерте жастан кәсіби бағдар беру жұмысын жандандыру;	Оқушылардың компьютерге, планшетке тәуелділігі, Ата-аналардың мектеппен ынтымақтастығының бәсеңдеуі; Сапасы жоғары оқушылардың инновациялық мектептерге ауысуы; Мектептің қабылдау мүмкіндігіне оқушы санының артуы; МТБ бойынша сұраныстың талапқа сай келмеуі, нәтижесінде көрсетілген жарамдылық мерзімінен ерте істен шығуы.

Шешу жолдары:

- инновациялық технологияларды дамыту мен игеру, мектепті дамыту бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз ету;
- әр оқушының табысты оқуы үшін қолайлы жағдай жасау жұмысын жақсарту;
- барлық пәндер бойынша білім деңгейін және 100% үлгерімді сақтау;
- сабақта жаңа білімді меңгеру бойынша жұмыс жасау кезінде оқушылардың құзыреттілік және жүйелік-белсенділік тәсілдерін жүзеге асыру;
- оқу технологияларын белсенді енгізу, әртүрлі жобалық, зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру арқылы ынталы балалармен жұмыс жүйесін жақсарту;
- мектептің әдістемелік тақырыбын ескере отырып, сабақты жетілдіру жұмыстарын жалғастыру;
- оқыту мен тәрбиелеуде әр мұғалімнің практикалық іс-әрекетін, кәсіби шеберлігін дамыту. Мұғалімдермен жұмыстың жаңа формаларын енгізу және олардың өздігінен білім алуына жағдай жасау;
- отбасылық денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру;
- жас ата-аналарға «Аталар», «Әжелер», «Әкелер», «Аналар», «Ағалар», «Жеңгелер» мектебінің тәлімгерлік семинарлар ұйымдастыру.

Қорытынды

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы бағалау өлшемшарттары бойынша 2021-2022 оқу жылынан бастап 2023-2024 оқу жылына дейінгі «әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектебі» жұмысын талдай отырып, құрылған комиссия (28.03.2024 жыл № 4 педкеңес) білім беру ұйымын мемлекеттік аттестаттау шеңберінде «үлгілі» **(55 балл)** деп бағалады.

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттарына сәйкес:

1) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының талаптарына сәйкес келеді. (барлық бағаланатын кездегі оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі).

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес оқу пәндерінің базалық мазмұны іске асырылған.

3) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысы іске асырылған. 2023-2024 оқу жылында мектептегі тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде жүзеге асырылды (барлық бағаланатын кездегі тәрбиенің жоспарларының, есептерінің көшірмелері қоса беріледі).

4) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі ұйымдастырылған. (барлық бағаланатын кездегі ЕББҚЕ оқушылардың 121 анықтамаларының, жекелей үйде оқитын оқушылардың құжаттарының, мүгедек балалардың анықтамаларының көшірмелері қоса беріледі).

5) ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстары іске асырылған. (барлық бағаланатын кездегі вариативтік сабақ кестелерінің көшірмелері қоса беріледі).

6) "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы толық игерілген.

7) "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсы жүзеге асырылған.

8) 4,9-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау.

1)Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі 80 % құрайды, «2» балға сәйкес келеді.

2) Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі - 100% құрайды, «5» балға сәйкес келеді.

3)Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі- 50 % құрайды, «2» балға сәйкес келеді.

4) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің **бастауыш білім беру деңгейіндегі** педагогтердің жалпы санынан үлесі 43,3 % құрайды, «4» балға сәйкес келеді.

5) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі 37% құрайды, «3» балға сәйкес келеді.

6) Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы - 95 % құрайды, «4» балға сәйкес келеді.

7) Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау -95 % құрайды, «4» балға сәйкес келеді. 122

8) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі - 100% құрайды, «5» балға сәйкес келеді.

9) Білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толықтырылуының сәйкестігі (топтар/сыныптар бөлінісінде) – 100 % құрайды, «5» балға сәйкес келеді.

10) Оқыту нәтижелері (білім, білік және дағды сапасын бағалау) компьютерлік тестілеудің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін бағыттар бойынша оң жауаптардың үлесі 71-72 %-ға дейін құрайды, «4» балға сәйкес келеді.

11) Білімалушылардың сауалнама нәтижелерін талдау -96 % құрайды, «5» балға сәйкес келеді.

20) Педагогтердің сауалнама нәтижелері- 100 - 100% құрайды, «5» балға сәйкес келеді

21) Ата-аналардың сауалнама нәтижелері - 97 % құрайды, «5» балға сәйкес келеді.

Қосымша. Қорытынды құжаттар

<https://cloud.mail.ru/public/KNqk/vU6i6Q4wk>